

*Шымкент қаласы бойынша  
Тексеру комиссиясы төрагасының  
2023 жылғы «22» желтоқсандағы  
№924/Н бүйрөгінан қосымша*

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

# **ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

## **Құрылымы**

### **Kіріспе**

#### **I Қызметтің негіздері**

#### **II Пайымы, Миссиясы және Мақсаты**

#### **III Ағымдағы жағдайды бағалау**

#### **IV Тексеру комиссиясын дамытуың 2024-2028 жылдарға арналған перспективалық бағыттары**

**Мемлекеттік аудитті енгізу және мемлекеттік аудит және  
қаржылық бақылау жүйесін Тексеру комиссиясының  
органы ретінде дамыту**

Әдіснамалық және құқықтық негіздері

Аудиторлық қызмет және қаржылық бақылау

Сараптамалық-талдамалық қызмет

Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуын мониторингілеу

Ішкі аудит

Адами капиталды басқару

**Тексеру комиссиясының интеграцияланған ақпараттық  
жүйесін дамыту**

**Тексеру комиссиясының мемлекеттік органдармен,  
жұртшылықпен өзара іс-қимылы**

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен,  
мәслихатпен және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылы

Жұртшылықпен өзара іс-қимылы

**Корытынды**

#### **V Перспективалық жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

## KIPIСПЕ

Тексеру комиссиясының қызметін тиімді ұйымдастыру және елімізде жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жағдайында дамуы ұзақ мерзімді мақсаттарды және стратегиялық бағыттарды дұрыс айқындауға байланысты.

Перспективалық жоспарлауды енгізу Тексеру комиссиясының миссиясын мемлекетке барынша пайдамен және жүртшылыққа ашықтықпен іске асыруға ұмтылуға негізделген.

Перспективалық жоспарлау қазіргі кезеңде жаңа бюджеттік саясат және Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамаларына сәйкес, мемлекеттік аудитке өтуді және мемлекеттік қаржылық бақылауды одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы перспективалық жоспар Тексеру комиссиясының стратегиялық күжаты болып табылады және төмендегілерді анықтайды:

- ұстанымын,
- құндылықтарын,
- стратегиялық мақсаттары мен басым бағыттарын,
- қутілетін нәтижелерді,
- бес жылға жоспарланған қызмет нәтижелілігінің индикаторлары.

Перспективалық жоспарды орындау сапаны бақылаудың, тәуекелдерді басқарудың озық әдістерін енгізу мен қолдануды көздейді және Тексеру комиссиясының барлық бағыттар бойынша қызметін, оның ішінде аудиторлық және сараптамалық-талдау жұмыстарын, еңбек ресурстарын, ақпараттық технологияларды басқару, сонымен қатар, мемлекеттік органдармен, басқа да ұйымдармен, бүқаралық ақпарат құралдарымен және халықпен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды жүзеге асыру Тексеру комиссиясы қызметінің тиімділігін, ашықтығы мен есептілігін арттыруға мүмкіндік береді және мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың қаржылық тәртіп деңгейіне, олардың жұмыс істеуіне оң әсерін тигізеді деп күтіледі.

## I. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗДЕРІ

Тексеру комиссиясы сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың органы болып табылады.

Мемлекеттік аудит туралы Заңының 13-бабына сәйкес Тексеру комиссиясының құзыреті шеңберінде функциялары мен өкілеттіктері айқындалған:

### ■ мыналардың:

1) өзінің мазмұны бойынша жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп дайындаі отырып, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың;

2) байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың;

3) жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметтің экономиканың немесе экономиканың жеке алғандағы саласының, әлеуметтік және басқа да мемлекеттік басқару салаларының дамуына әсерінің;

4) тиісті бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде, ал Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуының;

5) жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы жоспарлау негізділігінің, олардың іске асырылуының және жүзеге асырылу тиімділігінің;

6) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуға бөлінген (жұмсалған) жергілікті қаржы ресурстарының мөлшері мен сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық құны арасындағы айырманы бағалауды қоса алғанда, баға белгілеудің;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың;

8) салықтық әкімшілендірудің;

9) шарттардың;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы;

11) ақпараттық технологиялар саласындағы;

12) мемлекеттік аудит объектілері қызметтің тиімділік аудитін;

### ■ мыналарға:

1) мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына;

2) жергілікті атқарушы органның және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шарт талаптарын орындаудына;

3) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың дұрыстығына;

4) жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансфертер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға;

5) жергілікті бюджеттен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген қаражатты қаржы-экономикалық негізdemеге сәйкестігі бойынша пайдалануына **сәйкестік аудитін**;

- Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді;
- Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.

Мұнымен қоса, Тексеру комиссиясы:

1) өз құзыреті шегінде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шаралар қолдануды қамтамасыз етеді;

2) сыртқы мемлекеттік аудит жүргізумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілері лауазымдары адамдарының тиісті ақпаратын тыңдайды;

3) мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы оларды тағайындаған адамдарға ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары барысында анықталған (анықталатын) бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданады;

5) лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша, сондай-ақ тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша мәслихатқа ұсыныстар енгізеді;

6) құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, өз қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## II ПАЙЫМЫ, МИССИЯСЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасына сәйкес бүгінгі күні мемлекеттік аудит тек қаржылық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ анықталған кемшіліктер мен оларды жою жөніндегі ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдарды ұсына отырып, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын аудит объектілері қызметінің тиімділігін тұтас және тәуелсіз бағалау ретінде көрінеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін басқарудың және пайдаланудың ұтымдылығын бағалау, тексеру және талдау жөніндегі тиімді қызметі, қаржылық тәртіпті арттыру жөнінде әрекетті ұсыныстарды уақтылы әзірлеу ерекше маңызға ие болуда.

**Тексеру комиссиясының пайымы** – сыртқы мемлекеттік аудитті және жергілікті бюджеттің атқарылуына қаржылық бақылауды мемлекеттік аудит нәтижелерінің тәуелсіздігі, объективтілігі, кәсіби құзыреттілігі, құпиялылығы, сенімділігі, айқындығы, ашықтығы, өзара тану қағидаттарына сәйкес іске асырылуы.

**Тексеру комиссиясының миссиясы** Шымкент қаласының аумағында экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржылық тәртіпті нығайту мақсатында жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару және пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

Бүгінгі танда **тексеру комиссиясының мақсаты** мемлекеттік аудит органы ретінде экономиканы немесе оның жекелеген салаларын дамытуда тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін бағалау негізінде аудит объектісі қызметінің және мемлекеттік қаражат пен мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін жетілдіруге және арттыруға бағытталған басқару тиімділігін арттыру үшін ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін талдау болып табылады.

Сондай-ақ бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды жеткізу жолымен қалпына келтіру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомаларын есепке алу бойынша көрсету, нұсқамаларды орындау және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту арқылы қаржылық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде қаржылық бақылаудың ден қою шаралары:

- барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарастыру туралы нұсқама шығару;

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзырет шегінде әкімшілік іс жүргізуі қозғау;

- мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған

жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттік берілген органдарға беру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында сотқа талап қоюды беру болып табылады.

Тексеру комиссиясының негізгі міндеттері халықтың тұрмыс жағдайлары сапасының қарқынды өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпарагаттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру болып табылады.

Отырыстардың қорытындылары мен жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жыл сайынғы есептерді жариялау арқылы қызметтің жариялышы мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, Тексеру комиссиясы өз елінің азаматтарына мемлекеттік биліктің есеп берушілігінің іргелі қағидаттарын іске асыруға ықпал етеді.

## **II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ БАҒАЛАУ**

Шымкент–халқының саны 1,2 млн. астам адамды құрайтын, 1,2 мың шаршы шақырым аумақта орналасқан Қазақстан Республикасының үшінші мегаполисі болып табылады.

Шымкент қаласы еліміздің ең қарқынды дамып келе жатқан аймақтарының бірі, яғни жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы 2022 жылы дамудың онтайлы перспективасын көрсетті.

2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалуда (*1-кесте қараңыз*).

*Kestе 1*  
**Шымкент қаласының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері**

Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2021 ж. 2020 ж-ға % -бен
Жалпы өнірлік өнім көлемі, млрд.тенге	2 203,0	2 493,2	2 671,5	3 165,4	105,7
Жалпы өнірлік өнім халықтың жан басына шаққанда, мың.тенге	2152,1	2 360,3	2 442,9	2 689,2	x
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млн.тенге	579 555,0	670 531,0	812 873,7	936 985,8	106,6
Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызмет) өндіріс көлемі, млн.тенге	31 195,8	36 809,8	44 498,2	45 995,9	101,7

Негізгі капиталға бағытталған инвестиация көлемі, млн.тенге	194 958,3	278 737,0	462 481,7	549 351,9	<b>160,3</b>
Құрылым жұмыстарының көлемі, млн.тенге	87 633,0	125 854,1	155 955,3	218 860,8	<b>116,1</b>
Тұрғын үйлерді іске қосу, мың ш.м.	<b>523,7</b>	<b>649,1</b>	<b>1 012,5</b>	<b>1 073,6</b>	<b>156,0</b>
Бөлшек сауда көлемі, млн.тенге	432 717,9	495 914,4	595 053,7	623 644,2	110,1
<b>Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілердің саны, бірлік</b>	<b>69 435</b>	<b>69 876</b>	<b>75 314</b>	<b>110 409</b>	<b>107,8</b>
ШОК субъектілерінің өнім шығарылымының көлемі, млрд.тенге	1 058,2	1 066,0	1 522,6	1 961,5	139,9
Инфляция, %-бен	105,7	107,1	108,2	119,7	107,8
Күнкөрісің ең төменгі деңгейі, теңге	27 177	30 701	34 634	41 426	112,8
Орташа айлық атаулы жалақы, теңге	136 995	161 329	193 682	234 965	119,5
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,1	5,1	5,0	5,0	x
Мектепке дейінгі үйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы, % (3-6 жас)	99,1	100,0	100,0	100	100,0
100 мың тірі туылғандарға шакқандағы ана өлімі	7,4	50,9	43,4	15,7	85,3
1000 тірі туылғандарға нәресте өлімі	8,6	7,3	8,8	8,1	120,5

Акпарат көзі: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті

Кестеден 2022 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі - 5,9 пайызға, негізгі капиталға бағытталған инвестиация көлемі - 13,8 пайызға, тұрғын үйлерді пайдалануға беру - 6,1 пайызға, ал құрылым жұмыстарының көлемі - 35,5 пайызға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім көлемі - 6,6 пайызға, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны - 46,6 пайызға артқанын көруге болады.

Қала бес ауданнан тұрады – «Абай», «Еңбекші», «Әл-Фараби», «Қаратай» және «Тұран», олардың аумақтарында 32 жергілікті атқарушы мемлекеттік орган қызмет етеді.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық және тұрақты дамуының негізгі сын-қатерлері мыналар болып табылады:

- халықтың табиғи өсімімен, сондай-ақ халық санының күрт өсуіне, еңбек миграциясының қарқынына байланысты мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі уақтылы көрсету міндеттерін шешуді қынданатта түседі;
- білім беру, денсаулық сақтау саласындағы және халықтың әлеуметтік тұрғыдан ең осал топтарына арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудегі жүйелік проблемалар;

- қала аумағының кеңеюі, әрекет етуші өндірістердің, тұрғын үй және өнеркәсіптік ғимараттар құрылышы бойынша жобалар санының артуы сияқты антропогенді факторлардың әсерімен қоршаған ортаны ластау қаупінің артуы;
- қала тұрғындарының тыныс-тіршілігі қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары;
- қаланың қаржы ресурстарын жоспарлаудағы жүйелік проблемалар және жыл сайын маңызды экономикалық және инфрақұрылымдық міндеттерді шешуге жекелеген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бөлінетін жергілікті бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану фактілеріне жол беру.

### **Әдіснамалық және құқықтық негіздер**

Тексеру комиссиясы қызметінің әдіснамалық және құқықтық негіздері өзінің әдіснамалық құжаттарын әзірлеу, Жоғары аудиторлық палатамен жеткізілген әдіснамалық басшылықтарды түсіндіру жұмыстарын жүргізу және техникалық оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу арқылы әдіснамалық құраушыларды күшейту болып табылады.


Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясы аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асыру кезінде мыналарды басшылыққа алады:

- 1) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-В ҚРЗ Заны;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қантардағы №167 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттары»;
- 3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттары»;
- 4) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
- 5) Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, оның ішінде:
  - Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №42/342-6с шешімімен бекітілген Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясы туралы Ереже;
  - Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясы төрағасының 2023 жылғы 04 қазандағы №71 н/қ бүйрыймен бекітілген «Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің регламенті.

## *Aудиторлық қызмет және қаржылық бақылау*

Тексеру комиссиясының аудиторлық және қаржылық-бақылау жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау, жүргізу, сондай-ақ аудиторлық қызмет қорытындылары бойынша есептерді дайындау (аудиторлық есептер мен қорытындылар) және сараптамалық-талдау жұмыстары (талдамалық есептер және сараптамалық қорытындылар) нәтижелері туралы есептерді жасау мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, аудиторлық қызметке қатысты ұстанымдар төмендегідей жүйеленген (*1-сызба*).

### **1-сызба. Тексеру комиссиясының аудиторлық қызметін жүзеге асыру кезендері**



Аудиторлық қызметті жүзеге асыру «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №6-НҚ нормативтік қаулысымен және тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесімен регламенттеледі.

Аудиторлық өкілеттіктерді тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Тексеру комиссиясы аудиторлық қызметке тәуекелге бағдарланған және жүйелі тәсілді қолданудың негізгі тәсілін анықтады. Яғни, Тексеру комиссиясының барлық аудиторлық және сараптамалық-талдау ішшаралары тәуекел аймақтарында шоғырланған.

Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Жоғары аудиторлық палата сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесінде мақұлданған тәуекелдерді басқару жүйесіне (бұдан әрі – ТБЖ) бірынғай қағидаттар мен тәсілдердің жобасын әзірледі.

Сондай-ақ, Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы №13-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын «Тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесін» өзірледі. Қазіргі уақытта тексеру комиссиясы осы нормативтік қаулыны басшылыққа алады.

### *Сараптамалық-талдамалық қызмет*

Мемлекеттік аудитке көшу жөніндегі заңнамалық және нормативтік базаның қабылдануымен Тексеру комиссиясының талдау қызметінің маңыздылығы артады. Сонымен қатар, қаржылық бұзушылықтардың жасалу себептерін зерттеуге, бюджетті жоспарлау және пайдалану кезіндегі жүйелік проблемалардың мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімділігіне әсерін бағалауға жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Бюджетті ағымдағы және кейіннен бағалауды жүргізу және тексеру комиссиясының басқа да бірқатар функциялары мен өкілеттіктерін сараптамалық-талдау іс-шаралары арқылы іске асыру жоспарланып отыр.

Сараптамалық-талдауды жүзеге асыру арқылы Тексеру комиссиясы Мемлекеттік аудит туралы Заңның 26-бабына сәйкес бюджетті атқарудың нақты көрсеткіштерінің бюджет туралы мәслихаттардың тиісті шешімдерімен бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігін, бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есептердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілігінің толық және уақытылы орындалуын анықтау үшін есепті қаржы жылындағы бюджет туралы мәслихат шешімдерінің атқарылуына мемлекеттік аудит барысында кейіннен бағалауды, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, мемлекеттік аудит туралы Заңның 28-бабына сәйкес тексеру комиссиясы тиісті бюджеттің атқарылуы туралы мәслихаттар мен әкімдер үшін жедел ақпаратты қалыптастыру мақсатында ағымдағы бағалауды жүзеге асырады.

Жергілікті бюджетті атқару кезінде проблемаларды жүйелеу және анықтау мақсатында Тексеру комиссиясының сараптамалық-талдау қызметін іске асыру шеңберінде, оның ішінде тексеру комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы бағалау қорытындылары бойынша талдамалық ақпарат дайындау жоспарлануда.

Кейінгі бағалау қорытындылары бойынша есеп-қорытынды, сондай-ақ ағымдағы бағалау қорытындылары бойынша талдамалық ақпарат Жоғары палата әзірлеген мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың тиісті рәсімдік стандарттарында айқындалған құрылымы мен мазмұны бойынша жүзеге асырылады.

### *Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуын мониторингілеу*

Тексеру комиссиясы жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша жүгінген ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың

орындауы үшін міндettі қаулы түріндегі шешімдерді (ұсыныстарды) қабылдайды, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға және тұтастай алғанда өнірде қаржылық тәртіпті арттыруға бағытталған мемлекеттік аудит объектілеріне ұсынымдар әзірлейді.

Бұдан білек, тексеру комиссиясы жергілікті атқарушы органдардың есептеріне қорытынды болып табылатын тиісті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептер шеңберінде бақылау объектілеріне, оның ішінде мемлекеттік органдарға, сондай-ақ бюджетті жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға ұсынымдар әзірлейді және олар олқылықтар мен кемшіліктерді жетілдіруге бағытталған.

Ұсынымдарды іске асыру және тапсырмалардың орындалуы аудит объектілерінен және (немесе) уәкілетті органдардан келіп түсетін ақпаратты зерделеу арқылы, сондай-ақ тиісті аудит объектісінде жүргізіletіn аудит бағдарламаларына ұсынымдар мен тапсырмаларды орындау туралы мәселені енгізу арқылы қадағаланады.

### ***Сапаны бақылау***

Тексеру комиссиясының құрылымдық бөлімшесі сапаны бақылау бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) жүргізіletіn аудиторлық іс-шаралардың әр кезеңінде олардың сапасын бақылайды және аудиторлық іс-шараны жүргізу кезіндегі Стандарттар талаптарының сақталуын бағалайды. Сонымен қатар, Бөлімнің міндettterіне мыналар жатады:

- Тексеру комиссиясының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды әзірлеуге сапаны бақылау бөлігінде қатысу;
- Тексеру комиссиясының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін тексеру;
- Тексеру комиссияның барлық бағыттардағы қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

Аудиторлық іс-шаралардың сапасын бақылау қорытындылары Тексеру комиссиясының тоқсан сайынғы кеңейтілген отырыстарында қаралады.

Аталмыш бөлімнің құрылуды және оның жұмыс істеуі Тексеру комиссиясы жүргізетін аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметінің сапасына оң әсер етеді.

### ***Адами капиталды басқару***

Мемлекеттік мекеме болып табылатын Тексеру комиссиясының құрамына Тексеру комиссиясының төрағасы, мүшелері және аппараты кіреді, штатты қалыптастыру кезінде тиісті нормативтік құқықтық актілердің ережелері басшылыққа алынады.


Тексеру комиссиясы жалпы саны 31 қызметкерден тұратын үш бөлімнен және басшылықтан тұрады. Барлық штаттық қызметкерлер жоғары білімді, біліктілікті арттыру сертификаттары бар білікті мамандар болып табылады. Мемлекеттік аудит бөлімінің барлық құрамы Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссиямен берілетін сертификатқа ие (3-сызба).

Еңбек ресурстарын басқару бөлігінде қызметкерлердің біліктілігін одан әрі арттыру міндеттері, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуге білікті мамандар мен сарапшыларды тарту өзекті болып табылады.

Осыған байланысты, 2023 жылы кестеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясына Тексеру комиссиясының мемлекеттік 9 қызметшілері біліктілігін арттыру семинарына (*Астана қаласында – 7 қызметкер, Шымкент қаласында – 2 қызметкер*) және 3 қызметкер қайта даярлау семинарына қатысты.

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС-інде өтетін біліктілікті арттыру семинарына 2 қызметкер қашықтықтан (онлайн) оқытылды.

### 3-сызба. Тексеру комиссиясының ұйымдастыруышлық құрылымы



## **Тексеру комиссиясының ақпараттық жүйесін дамыту**

Басқарушылық процестерді оңтайландыру, адами ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында бүгінгі күнге Жоғары палата тарапынан «Жоғары палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесі» инвестициялық жобасы іске асырылуда.

Атап айтқанда, аталған интеграцияланған ақпараттық жүйе пайдалануға енгізілгеннен кейін Тексеру комиссиясының қызметін автоматтандыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Мемлекеттік аудитке көшу жағдайында ИАЖ-ның маңыздылығы бірнеше есе ұлғаяды. ИАЖ бақылау объектілері, бақылау және сараптамалық-талдамалық қызметтің нәтижелері бойынша бірыңғай ақпараттық дереккорды өзіне шоғырландыра отырып, Тексеру комиссиясы үшін толыққанды ақпараттық кешен болуы, сондай-ақ «электрондық үкімет» жүйесімен және басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялауға ықпал етуі тиіс. Талдау элементтері ИАЖ жұмысының негізі болуы керек.

Тексеру комиссиясының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Тексеру комиссиясы тарапынан электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, өндөу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар техникалық реттеу және ақпараттандыру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес жұмыстар атқарылады.

Сондай-ақ, Тексеру комиссиясы жариялылық, ашықтық және есептілік қағидаларын ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады. Тексеру комиссиясының негізгі қызмет бағыттары бойынша өзекті мәліметтер орналастырылатын ресми сайты жұмыс істейді; сайтқа кірушілермен қарым-қатынасты қолдау опциясы іске қосылған (<https://shymkent-revkom.kz/>).

## **Тексеру комиссиясының мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасы**

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін тексеру комиссиясы тұрақты негізде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін қайталауды болдырмау үшін мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің жобаларын жасау, келісу және бекіту тәртібін айқындастын өзара іс-қимыл жасау қағидалары негізінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбелерімен және аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерімен алмасу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, тексеру комиссиясының төрағасы пікір алмасу және үздік тәжірибе алмасу, сондай-ақ аудиторлық қызметте және қаржылық бақылау саласында туындастын өзекті мәселелер мен проблемаларды қарастыру үшін

диалог алаңы болып табылатын сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады. Осыған байланысты тексеру комиссиясының негізгі міндеттерінің бірі ұсыныстарды өзірлеу жолымен Үйлестіру кеңесінің қызметіне белсенді қатысады қамтамасыз ету болып табылады.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ретінде тексеру комиссиясы қызметінің аса маңызды бағыттарының бірі өз функцияларын жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдармен, оның ішінде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл болып табылады.

Атап айтқанда, Тексеру комиссиясында тұрақты негізде қарау және шешімдер қабылдау үшін уәкілетті органдарға берілетін аудит материалдарының сапасын, сондай-ақ қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша тексеру комиссиясы қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар бойынша жұмыстар іске асырылады.

Осыған орай, құқық қорғау және өзге де органдарға берілген барлық аудит материалдарының тұрақты мониторингі, электронды құжатайналымның бірыңғай жүйесі арқылы құқық қорғау органдарына жіберілетін барлық материалдардың уақтылы жіберілуінен бастап оларды қарау және олар бойынша шешім қабылдау аяқталғанға дейін, берілген материалдар бойынша салыстыру жүргізу бойынша жұмыстар іске асырылады.

Бұдан басқа, Тексеру комиссиясы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға (қарауға) уәкілетті құқық қорғау және өзге органдарымен оларға аудиторлық іс-шаралар мағлұматтарын табыстау және олардың қаралуын әрі қарай мониторингілеуді іске асыру мәселелері жөнінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

### ***Коғаммен байланыс***

Ашықтық кез келген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жұмысында негізін қалаушы болып табылады, ол қоғамның бюджет қаражатын пайдалану және мемлекеттік мүлікті басқару бойынша сыртқы тәуелсіз баға алуын қамтамасыз етеді.

Тексеру комиссиясы аудиторлық іс-шаралар қорытындыларының жариялылығын, қалалық бюджеттің және қала аудандары бюджеттерінің атқарылуына жыл сайынғы бағалау нәтижелерін ұсыну бойынша белсенді позицияда тұр. Тұрақты негізде ресми веб-сайтта тексеру комиссиясының қызметінде болып жатқан ұйымдастырушылық, занамалық және әдіснамалық өзгерістер жарияланады.

Сондай-ақ тексеру комиссиясының стратегиялық маңызды мақсаттарына қол жеткізу үшін қызметтерді пайдаланушылармен коммуникацияның тиімді тәсілдері (аудиторлық есептер) ықпал етеді. Сондықтан тексеру комиссиясы бүгінгі таңда ақпарат алмасу бойынша келесі бағыттарды анықтады, оның ішінде:

- Аудиттің әрбір кезеңінде аудит объектілерімен ақпарат алмасу (аудит объектісінің қызметкерлерін олардың функционалдық міндеттерін орындаудан алаңдатуды азайту және аудиторлық іс-шараны уақтылы аяқтауды қамтамасыз ету мақсатында аудиттің аспектілері мен критерийлерін конструктивті талқылау).

Осылайша, бұғінгі таңда тексеру комиссиясы «Тексеру комиссиясының 2022-2024 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлық қарсы құрес жөніндегі іс-шаралар жоспары» шеңберінде аудит объектілерінің қызметкерлерімен аудит жүргізуге жауапты мүшесінің басшылығымен сыртқы мемлекеттік қаржылық аудит жүргізгенге дейін жиналыс өткізу тәжірибесі, сондай-ақ бақылау объектілеріне олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және Тексеру комиссиясында тұрақты әрекет ететін сенім телефоны, тексеру комиссиясы басшыларының қабылдау күндері туралы түсіндіру тәжірибеленеді.

**- Мәслихатқа, әкімдікке ағымдағы бағалау қорытындылары бойынша талдамалық ақпаратты, мәслихаттарға кейінгі бағалау қорытындылары бойынша есеп-қорытындыларды ұсыну.**

Тексеру комиссиясы бюджеттің атқарылуы бойынша ағымдағы бағалау қорытындылары бойынша талдамалық ақпарат жасайды, оның шеңберінде қалалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бөлінген қаражатты тиімді пайдалану бойынша тиісті ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді. Талдау ақпараты қалалық мәслихат пен қала әкімдігіне жіберілді.

**- Атқаруышы органдармен ақпарат алмасу** (тексеру комиссиясының тәуелсіздігін сақтау жөніндегі талаптарды ескере отырып, өнірде бюджеттік тәртіпті арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық пен ақпараттық өзара іс-қимылды жандандыру);

**- Жұртшылықпен ақпарат алмасу** (өкілеттіктер, миссиялар, стратегиялар, орындалатын жұмыстың нәтижелері туралы ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету, БАҚ-пен өзара іс-қимыл саясатын, оның ішінде медиа-стратегияны әзірлеу және іске асыру арқылы анықтау).

## **IV. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

### **1. МЕМЛЕКЕТТЕК АУДИТТІ ЕҢГІЗУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТЕК АУДИТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ РЕТИНДЕ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫН ДАМЫТУ**

#### ***Методологиялық және құқықтық негіздері***

Тексеру комиссиясы 2028 жылға дейінгі кезеңде жергілікті деңгейде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу бөлігінде өкілеттіктерді толыққанды іске асыруды қамтамасыз ету үшін әдіснамалық және құқықтық негіз қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты жүзеге асыратын болады.

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

<b>Түйінді міндеттер</b>	<b>Күтілетін нәтижелер</b>
Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы тексеру комиссиясының нормативтік және әдіснамалық базаларын өзектендіру	Мемлекеттік аудитті еңгізу үшін Жоғары палата жеткізген әдіснамалық құжаттар негізінде өзінің құқықтық және әдіснамалық құжаттарын әзірлеу
Тексеру комиссиясының қызметіне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында нормативтік және әдіснамалық құжаттарды еңгізу	Техникалық оқу мен түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қамтамасыз ету

#### ***Аудиторлық қызмет және қаржылық бақылау***

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі функцияларын жүзеге асыру бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыруға және өнірде қаржылық тәртіпті күшетуге жәрдемдесуге шоғырландырылатын болады.

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

<b>Түйінді міндеттер</b>	<b>Күтілетін нәтижелер</b>
Өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың тәуекел объектілерін іріктеу сапасын қамтамасыз ету	Экономиканың басым секторларында бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру

<p>ТБЖ бойынша іріктең алынған аудит объектілерінің қызметіне төмендегілердің талаптары бойынша <b>сәйкестік аудитін жүргізу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– бюджеттік заңнама;</li> <li>– мемлекеттік сатып алу туралы заңнама;</li> <li>– мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнама;</li> <li>– экологиялық заңнама;</li> <li>– ақпараттандыру туралы заңнама;</li> <li>– салалық заңнама.</li> </ul>	<p>-Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомствоның үйымдарының қаржылық тәртібінің жақсаруы;</p> <p>- Аудит объектілері қызметінің есептілігін арттыру</p>
<p>Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі аудитін жүргізу</p>	<p>Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі жөнінде бағалау ұсыну</p>
<p>Аудиторлық іс-шаралардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру</p>	<p>Қаржылық тәртіпті нығайту</p>

### ***Сарнамалық-талдау қызметі***

Орта мерзімді кезеңде Тексеру комиссиясының жұмыс әдістерінде бюджет және өзге де заңнаманы бұзушылықтардың себеп-салдарлық байланыстарын, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыру кезінде анықталған проблемаларды зерделеуге, салдарын бағалауға, сонымен қатар оларды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталатын болады.

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

Түйінді міндеттер	Күтілетін нәтижелер
<p>Келесі бағыттар бойынша сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жергілікті бюджеттің атқарылуын бағалау;</li> <li>- мемлекет активтерін басқаруда жүйелік проблемаларды анықтау және талдау;</li> <li>- аудит объектілерінің қызметінің қала дамуына әсерін бағалау.</li> </ul>	<p>Жергілікті бюджеттің атқарылуы практикасын жетілдіру.</p> <p>Бюджет қаражатын пайдаланудың және мемлекет активтерін басқарудың тиімділігін арттыру</p>
<p>Мемлекеттік аудит нәтижелері және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша ақпаратты қалыптастыру барысында тексеру комиссиясы әзірлейтін қолданыстағы басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және экономика салаларында анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстардың сапасын арттыру.</p>	<p>Атқарушы билік органдарының және мемлекеттік аудит объектілерінің бюджет-қаржы саласына қатысты шешімдерді қабылдау және орындау сапасын арттыру, сондай-ақ олардың қызметінің жауапкершілігін, айқындылығын және есептілігін арттыру</p>
<p>Талдамалық баяндамалардың сапасын жақсарту және олардың нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды жолдау</p>	<p>Атқарушы билік органдарының және мемлекеттік аудит объектілерінің бюджет-қаржы саласына қатысты шешімдерді қабылдау және орындау сапасын арттыру, сондай-ақ олардың қызметінің жауапкершілігін, айқындылығын және есептілігін арттыру</p>

### *Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуын мониторингілеу*

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

<b>Түйінді міндеттер</b>	<b>Күтілетін нәтижелер</b>
Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуына бақылау жүргізу	Мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралардың дұрыстығын қамтамасыз ету және оның жауапкершілігін күшейту
Аудиторлық іс-шараларды өткізуге жауапты лауазымды тұлғалар тарапынан шешімдердің орындалуына мониторингті күшейту	Аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталған жүйелі кемшіліктерді жою

### ***Сапаны бақылау***

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

<b>Түйінді міндеттер</b>	<b>Күтілетін нәтижелер</b>
Тексеру комиссиясының функцияларды табысты іске асыру және қойылған мақсаттарға жету қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды азайту	Тексеру комиссиясы қызметінің тиімділігін арттыру тәуекелдерді (стратегиялық, операциялық, қаржылық, құқықтық) барынша төмен денгейде біртіндең төмендегенде және ұстап тұру
Мемлекеттік аудиторлар, сондай-ақ тартылған аудиторлық үйымдар мен сарапшылар қызметінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және тексеруге жәрдемдесу	Стандарттар мен нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету

### ***Адами капиталды басқару***

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

Түйінді міндеттер	Күтілетін нәтижелер
Кызметкерлердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік аудиторлардың, сондай-ақ тексеру комиссиясының басқа да қызметкерлерінің жоғары білікті сыйныбын қалыптастыру
Тексеру комиссиясында сыйбайлар жемқорлықтың алдын алу және қарсы әрекет ету	Тексеру комиссиясының он имиджін қамтамасыз ету

## 2. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖУЙЕСІН ДАМЫТУ

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

Түйінді міндеттер	Күтілетін нәтижелер
<p>Тексеру комиссиясының қызметіне ақпараттық технологияларды енгізу саясатын іске асыру</p> <p>АЖ-ның жұмыс істеу сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, өндеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар техникалық реттеу және ақпараттандыру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес жұмыстарды үйымдастыру және атқару</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>АЖ-ның үздіксіз жұмыс істеуі;</li> <li>Еңбек өнімділігін арттыру;</li> <li>Тексеру комиссиясының барлық бағыттардағы қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру;</li> <li>АЖ-ның жұмыс істеу сенімділігі мен қауіпсіздігі</li> </ul>

## 3. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

*Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен, әкімдік және мәслихатымен, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл*

Осы бағыт бойынша 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мынадай түйінді міндеттер мен күтілетін нәтижелер айқындалады:

Түйінді міндеттер	Күтілетін нәтижелер
<b>Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс - қимылы</b>	
Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің барлық органдары үшін Үйлестіру кеңесінің отырыстарына қатысу	Тәжірибе алмасу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі органдарының ұйымдастыруышылық және институционалдық мүмкіндіктерін дамытуға және күшейтуге жәрдемдесу
Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру барысында өзара іс-қимылды қамтамасыз ету	Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру барысында кешенділікті, объектіні мемлекеттік аудитпен барынша қамтуды қамтамасыз ету.
<b>Құқық корғау органдарымен өзара іс-қимыл</b>	
Прокуратуралы мен және басқа да құқық корғау органдарымен ведомствоаралық қатынастарды нығайту	Іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін берілген бақылау материалдарының, оның ішінде мемлекетке келтірілген залалды өтеу бойынша нәтижелілігін арттыру
<b>Қоғаммен өзара іс-қимыл</b>	
Тетіктерді жетілдіру тексеру комиссиясы қызметінің жариялышының қамтамасыз ету	Тексеру комиссиясы қызметінің ашықтығы деңгейін арттыру
Қызметтерді пайдаланушылармен коммуникацияның тиімді тәсілдерін (аудиторлық есептерді) қолдану бойынша ақпарат алмасу жөніндегі негізгі бағыттарды айқындау	Қоғамның және БАҚ алдында тексеру комиссиясының он имиджін қамтамасыз ету

### ***Корытынды***

Перспективалық жоспарды іске асыру Тексеру комиссиясының институционалдық және әдіснамалық базасын дамытуды, сондай-ақ тексеру комиссиясының аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Перспективалық жоспар Тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспарларын кейіннен әзірлеу үшін негіз болады.